**Бекітемін:**
**МКҚК «Ақбобек» балабақшасы**
**Әдіскері:** ______________**Ж. Балғабаева**
__Ақпан__ ______________ **2026 жыл**

**Білім беру ұйымы: "Ақбобек" балабақшасы**
**Топ: "Құлпынай" мектепалды тобы**
**Балалардың жасы: 5 жастан**
**Педагогтың аты-жөні : Утегенова Г.Ж**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Ақпан айы 2026 жыл 4 апта**

**Ақпан – жасампаздық пен жаңашылдық айы**
Өзі туралы, қоршаған әлем туралы және ондағы орны туралы қарапайым түсініктің болуы
Шығармашылық қиялға негізделген өнертабысқа қызығушылық таныту Сурет салуға, модельдеуге, дизайнға қызығушылық таныту
Тапсырмаларға шығармашылықпен қарау, өз шешімдері мен идеяларын ұсыну Алған білімдерін жаңа нәрсе жасау үшін қолдану
Жаңа тәсілдемелер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 23.02.2026 ж | Сейсенбі 24.02.2026 ж | Сәрсенбі 25.02.2026 ж | Бейсенбі 26.02.2026ж | Жұма 27.02.2026 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әңгімелесу, кеңес беру** | балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | Жануарлармен ойындар (пазлдар)., роботехника құралдары, шашка, бестемшеойындарын ойнату<br><br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасату)<br>Балалармен жеке жұмыс.<br>**(танымдық іс-әрекет)** | Балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Шағын ойын орталықтарында үстел үсті, логикалық ойындарын ойнауда олардың еркін таңдаған ойындарын ұйымдастыру,.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті және танымдық іс-әрекет)** | Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту **(бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Балалармен жеке жұмыс. | Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнату.<br><br>Балалармен жеке жұмыс.<br>**(танымдық, зерттеу іс-әрекеттері)** | Кітаптарды қарату, балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. **(көркем әдебиет)**<br><br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасату) Балалармен жеке жұмыс.<br>**(танымдық іс-әрекет)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Тіл дамыту**<br>**Тақырыбы:** Табиғат құбылыстары<br>**Міндеті:**<br>Табиғатты сипаттау.<br>Сын есімдерді қолдану.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бақылау, сұрақ-жауап.<br>**Тапсырмалары:**<br>«Қандай?» ойыны.<br>Табиғат туралы әңгіме құрастыру.<br>Жайылма сөйлем айту.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Нүктелер әлемі<br>**Міндеті:**<br>Нүктелерді дұрыс орналастыру.<br>Арақашықтықты сақтау.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>«Нүкте сурет» әдісі. | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Менің әңгімем<br>**Міндеті:**<br>Байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Storytelling.<br>Комикс әдісі.<br>**Тапсырмалары:**<br>Сурет бойынша әңгіме құрастырады.<br>Әңгімеде басы, ортасы, соңы болуын сақтайды.<br>Толық сөйлеммен сөйлейді.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Тамшы тәрізді пішін<br>**Міндеті:**<br>Тамшы пішінін жазуға үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>«Суреттен жазуға» | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Күнтізбемен жұмыс<br>**Міндеті:**<br>Күнтізбені қолдануға үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Күнтізбе макеті.<br>Топтық жұмыс.<br>**Тапсырмалары:**<br>Бүгінгі күнді күнтізбеден табады.<br>Апта күнін анықтайды.<br>Ай мен мезгілді атайды.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Мен не үйрендім?<br>**Міндеті:**<br>Сөйлем талдау және жазу элементтерін бекіту.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>«Станциялар» әдісі.<br>Рефлексия шеңбері.<br>**Тапсырмалары:**<br>Сөйлемді сөздерге бөледі. | **Қазақ тілі**<br>**«Мамандықтар»**<br>**Тілдік дамытушы орта**<br>Мамандықтардың қоғамдағы маңызын түсіндіру.<br>Балалардың болашақ мамандығы туралы өз ойын еркін айтуына мүмкіндік беру.<br>Мақал-мәтел қолдану:<br>*«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей».*<br>Еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Артикуляциялық жаттығулар.<br>Қазақ тіліне тән **ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ** дыбыстарын мамандық атауларында анық айту:<br>*дәрігер, аспаз, ұстаз, жүргізуші*.<br>Таза дикцияны сақтау.<br>**Сөздік қор**<br>Мамандықтар туралы көркем мәтінді тыңдау. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Уақытты салыстырамыз<br>**Міндеті:**<br>Уақыт ұғымдарын салыстыруды бекіту.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Салыстыру ойыны.<br>Жұппен жұмыс.<br>**Тапсырмалары:**<br>Қай оқиға бұрын, қайсысы кейін екенін айтады.<br>Кеше, бүгін, ертеңді қолдана отырып сөйлем құрайды.<br>Өз ойын дәлелдейді.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Тілдік дамытушы орта**<br>Мамандықтарды салыстыру, пікір айту.<br>Құрдасының пікірін тыңдап, толықтыру енгізу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көрнекілік.<br>**Тапсырмалары:**<br>Нүктелерді санайды.<br>Белгілі арақашықтықта қояды.<br>Нүктеден сурет шығарады.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды алға-артқа кең сермеу.<br>Қолды иыққа қойып, шынтақтарды айналдыру.<br>Алға еңкейіп, алақандарды еденге тигізу.<br>8–10 рет отырып-тұру, қозғалыс сапасына мән беру.<br>**Негізгі қимылдар**<br>Кедергілер арқылы 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру<br>– жылдам қарқын<br>– орташа қарқын<br>Қарқынды өз бетінше реттеу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**<br>Музыкамен қозғалыс бағытын өзгерту. | әдісі.<br>Айнамен жұмыс.<br>**Тапсырмалары:**<br>Тамшы суретін салады.<br>Үлгі бойынша жазады.<br>Өз бетінше орындайды.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Саусақтарға арналған күрделі жаттығулар.<br>Аяққа арналған жаттығулар<br>– өкшені көтеру<br>– табанды нығайту.<br>**Негізгі қимылдар**<br>Гимнастикалық скамейка бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру<br>Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыру.<br>**Спорттық ойын элементтері**<br>Баскетбол<br>– допты оң және | Сөз санын анықтайды.<br>Түрлі сызықтарды өз бетінше жазады.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Балалардың таңдауы бойынша барлық таныс жаттығуларды орындау.<br>Қимылдарды өз бетінше реттеу.<br>**Негізгі қимылдар**<br>Доппен барлық меңгерілген қимылдарды кешенді орындау<br>– лақтыру<br>– қағып алу<br>– алып жүру<br>– нысанаға дәлдеу.<br>**Қимылды ойын**<br>«Спортшылар сайысы»<br>Топтық жарыс, дербестік, ұйымшылдық.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**<br>Балалардың өздігінен ойын ұйымдастыруы.<br>**Салауатты өмір салты**<br>Денсаулық, қозғалыс және көңіл-күй арасындағы байланыс туралы қорытынды.<br><br>**Тіл дамыту.** Мен | Мәтін мазмұнын өмірмен байланыстырып айту.<br>Жаңа сөздерді сөйлемде қолдану.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сөздерді тәуелдеп және септеп қолдану:<br>*менің арманым, дәрігерге бардым, ұстазым көмектесті.*<br>Жайылма сөйлемдер құрастыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Сурет бойынша «Мен болашақта кім боламын?» тақырыбында әңгіме құрастыру.<br>Балалар өз ойын толық жеткізеді.<br>**Ойын + технология**<br>**LearningApps** – «Кім не істейді?»<br>Балалар мамандық пен іс-әрекетті сәйкестендіріп, толық сөйлеммен жауап береді.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Мен ойымды көркем жеткіземін<br>**Міндеті:**<br>Шығармашылықпен әңгімелеуді жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Digital storytelling.<br>Рөлдік ойын. | Дауыс ырғағын сақтай отырып сөйлеу.<br>Дыбыстарды дұрыс айтуға бекіту жұмысы.<br>**Сөздік қор**<br>Мамандық атауларын еркін қолдану.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сөздерді жіктеу:<br>*мен емдеймін, біз үйретеміз.*<br>Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді ажыратып қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Өзінің және құрдасының жауабындағы қателікті анықтап, дұрыс нұсқасын ұсыну.<br>**Ойын + технология**<br>**AR / интерактивті тапсырма** – «Мен маманмын»<br>Сурет немесе цифрлық кейіпкер арқылы мамандықты таныстырып, жайылма сөйлеммен баяндау.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** Мен табиғатты қорғаймын<br>**Міндеті:**<br>Табиғатқа қамқорлық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қимылды ойын**<br>«Көңілді старт»<br>Жүгіру, секіру, еңбектеу элементтері бар эстафета.<br>**Салауатты өмір салты**<br>Қозғалыс пен төзімділіктің байланысы.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** Табиғаттың адам өміріндегі маңызы<br>**Міндеті:**<br>Су, күн, құм, тас, ай сәулесінің адам өміріндегі маңызын түсіндіру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Storytelling.<br>«Егер болмаса…» әдісі.<br>**Тапсырмалары:**<br>Егер су болмаса не болатынын айтады.<br>Күннің пайдасын атайды.<br>Өз ойымен бөліседі. | сол қолмен алып жүру<br>– кеуде тұсынан дәл лақтыру.<br>**Қимылды ойын**<br>«Көшбасшы команда»<br>Ереже сақтай отырып ойнау.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар**<br>Өз сыртқы келбетін бақылау, ұқыптылық.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>**Сурет салу**<br>**Құрастыру**<br><br>**Тақырыбы:** Қазақ ауылы<br>**Сурет салу**<br>Үй немесе ұлттық бұйымды оюмен безендіру.<br>**Мүсіндеу**<br>Диірмен немесе ер-тұрман мүсіндеу.<br>**Жапсыру**<br>Көрпе немесе жастықты оюмен жапсыру. | әңгіме құрастырамын<br>**Міндеті:**<br>Шығармашылықпен сөйлеу.<br>Бірізді сюжет құрастыру.<br>Сөйлеу әдебін сақтау.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Шығармашылық әңгімелеу, ойын.<br>**Тапсырмалары:**<br>Сурет бойынша әңгіме құрау.<br>Басы, ортасы, соңы бар әңгіме айту.<br>Рөлдік ойын. | **Тапсырмалары:**<br>Берілген тақырыпқа өз әңгімесін құрастырады.<br>Әңгімеде мақал-мәтел қолданады.<br>Өз көзқарасын білдіреді.<br><br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Уақытты білемін<br>**Міндеті:**<br>Уақытты бағдарлау дағдыларын қорытындылау.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>«Станциялар» әдісі.<br>Рефлексия шеңбері.<br>**Тапсырмалары:**<br>Тәулік бөліктерін ретімен айтады.<br>Апта күндерін атайды.<br>Сағаттан уақытты анықтайды.<br><br>**Музыка**<br>**Музыка тыңдау**<br>Таныс күйді тыңдау, мазмұнын сезіну.<br>**Ән айту**<br>Музыкалық сүйемелдеумен жеке ән айту.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**<br>Би қимылдарын бірізді орындау.<br>**Би шығармашылығы** | сезімін қалыптастыру.<br>Білімдерін қорытындылау.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Рөлдік ойын.<br>Рефлексия шеңбері.<br>**Тапсырмалары:**<br>Тірі және өлі табиғатқа мысал келтіреді.<br>Табиғатты қалай қорғау керегін айтады.<br>Сабақта не үйренгенін қорытындылайды.<br><br>**Музыка**<br>**Музыка тыңдау**<br>Домбыра мен қобыз күйлерін қайта тыңдау, салыстыру.<br>**Ән айту**<br>Сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**<br>Музыка сипатына сай еркін би қимылдарын орындау.<br>**Би шығармашылығы**<br>Балалардың өз ойынан би қимылдарын құрастыруы.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау**<br>Таныс аспаптарда |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Құрастыру**<br>Табиғи және қалдық материалдардан ұжымдық «қазақ ауылы» композициясын құрастыру. | | Мәтінге сәйкес әнді сахналау.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау**<br>Шулы аспаптармен музыканы сүйемелдеу. | қарапайым әуен ойнау. |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Ақпан айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (**Музыка)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Балаларды қалауы бойынша орталықтарға бөлініп ермексаздан бәйшешек мүсінін жасату, суретін салғызу, қағаздан қиып алып жапсыру немесе өз бетінше әр түрлі заттарды пайдаланып ойдан құрастыруға баулу **(Шығармашылық іс-әрекет), (бейнелеу іс-әрекеті)** **Вариативтік компонент “Хореография” Маман жоспарымен** | Ізгі сөздер мен мақалдарды балалармен жеке жұмыс жасау арқылы жаттату. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>Балалардың қалауы бойынша ермексазбен, түрлі түсті қағазбен шығармашылық ұжымдық жұмыстар жүргізуге баулу. **(Шығармашылық іс-әрекет)** | Кітапқа қарап сурет мазмұны бойынша әңгіме айтуын жетілдіру. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** Көктем мезгілі туралы қалауы бойынша сурет салғызу, мүсін жасату немесе қағаздан қиып жапсыруына ерік беру. **(Шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті)** **Вариативтік компонент “Хореография” Маман жоспарымен** | Балаларға қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауын ұйымдастыру. Серуен кезіндегі бақылаудан кейін - алған әсерлерін суретте бейнелеу; қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету. **(бейнелеу іс-әрекеті)** | «Көктемнің белгілері» тақырыбында композиция жасату. **(Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)**<br><br>**Вариативтік компонент “Хореография” Маман жоспарымен** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Арлан мен жұмыс шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндеуге | Рахымжан мен жұмыс ересектермен қарым-қатынас жасауда өз ойын еркін жеткізе | Аянат пен жұмыс қайшы мен желімді дұрыс қолдана алуды баулу | Арман мен жұмыс әртүрлі пішіндегі заттарды қиюды талпындыру | Алихан мен жұмыс геометриялық пішіндерді ажыратып, атауды үйрету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | талпындыру | алуға көмектесу | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | «Қоян мен түлкі»<br>**Міндеті:** Жылдамдық пен ептілікті дамыту, ойын ережесін сақтауға тәрбиелеу.<br>**Шарты:** Түлкі қояндарды қуып ұстайды. | «Кедергіден өт»<br>**Міндеті:** Қимыл дәлдігін, батылдықты дамыту.<br>**Шарты:** Балалар әртүрлі кедергілерден кезекпен өтеді. | «Қимылды қайтала»<br>**Міндеті:** Есте сақтау қабілетін, зейінді дамыту.<br>**Шарты:** Тәрбиеші көрсеткен қимылды балалар қайталайды | «Допты қу»<br>**Міндеті:** Қимыл белсенділігін арттыру, жылдам қимылдауға үйрету.<br>**Шарты:** Домалаған допты қуып жету. | «Қимылды қайтала»<br>**Міндеті:** Есте сақтау қабілетін, зейінді дамыту.<br>**Шарты:** Тәрбиеші көрсеткен қимылды балалар қайталайды. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** | | | | |